

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИЗНЕС АКАДЕМИЯСЫ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 14 қараша N 1387

Нарықтық экономика жағдайындағы жұмыстар үшін кадрларды даярлау мен қайта даярлау жүйелерін жетілдіру және үлестіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің Халықаралық бизнес мектебінің, басқа да қазақстандық және шетелдік мүдделі құрылымдардың қатысуымен Алматы менеджмент мектебінің базасында, өзін-өзі қаржыландыру және өзін-өзі ақтау принципінде Халықаралық бизнес академиясын құру туралы ұсынысы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетіне Халықаралық бизнес академиясына құрылтайшы болу жүктелсін. Абай даңғылы, 52 мекен-жайындағы ғимарат жарғы қорына салым ретінде берілсін.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне өзінің құрылтайшылық құқықтарын берсін.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, басқа да мүдделі министрліктер мен ведомстволар Халықаралық бизнес академиясы жұмысын ұйымдастыруға жәрдем көрсетсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі